

А 2018

505 к

**РУССКО-
КАЗАХСКИЙ
ТОЛКОВЫЙ
СЛОВАРЬ
ФИЗИЧЕСКИХ
ТЕРМИНОВ**

**Ж.С.Акылбаев,
М.К.Курманов**

**Том I
А-Н**

**ФИЗИКАЛЫҚ
ТЕРМИНДЕРДІҢ
ОРЫСША-
ҚАЗАҚША
ТҮСІНДІРМЕ
СӨЗДІГІ**

**Физикалық
терминдердің
орысша-қазақша
түсіндірме сөздігі**



**Русско-казахский
толковый словарь
физических
терминов**

Ж.С.Ақылбаев, М.Қ.Құрманов

ФИЗИКАЛЫҚ
ТЕРМИНДЕРДІҢ
ОРЫСША-ҚАЗАҚША
ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІГІ

Жалпы редакциясын басқарған
профессор С.И.ИСАТАЕВ

І Т О М (А - Н)

А л м а т ы
1 9 9 4

Ж.С.Акылбаев, М.К.Курманов

**РУССКО-КАЗАХСКИЙ
ТОЛКОВЫЙ СЛОВАРЬ
ФИЗИЧЕСКИХ ТЕРМИНОВ**

**Под общей редакцией
профессора С.И.ИСАТАЕВА**

Том (А - Н)

**А л м а т ы
1994**

**Акылбаев Ж.С., Курманов М.К. РУССКО-КАЗАХСКИЙ
ТОЛКОВЫЙ СЛОВАРЬ ФИЗИЧЕСКИХ ТЕРМИНОВ. - Ал-
маты: РИК, 1994. С. 314.**

ISBN 5-8380-0700-1

Словарь содержит до 4000 физических терминов, наиболее часто встречающихся в периодической печати, научно-популярной литературе, в современных учебниках по общему курсу физики вузов, а также в физических энциклопедических словарях. Предназначен для научных работников вузов и НИИ, студентов высших и средних специальных учебных заведений, учителей и учащихся общеобразовательных школ, может быть также полезен широкому кругу читателей.

Сөздікте жоғары оқу орнына арналған қазіргі уақыттағы ең толық деген жалпы физика курсы оқулықтары мен физикалық энциклопедиялық сөздіктерде жиі кездесетін 4000-ға жуық терминдер жинақталған. Сөздік көпшілік ғылыми қызметкерлерге, жаратылыс тану ғылымы және инженер техникалық бағдардағы жоғары мектеп оқытушылары мен аспиранттарына, студенттерге, арнайы және жалпы білім беретін орта мектептердің мұғалімдері мен оқушыларына, онымен қоса физиканы қызығын оқитын барлық оқырмандар қауымына пайдалы.

Рецензенты: Идлис Г.М., доктор физ.-мат. наук (Москва),
Тобаяков Ж.О., профессор (Алматы)

ISBN 5-8380-0700-1

**© Акылбаев Ж.С.,
Курманов М.К., 1994**

Предисловие

В настоящее время имеется значительное количество справочников и энциклопедических словарей по физике (рассчитанных на разные читательские круги) на русском языке и только два - русско-казахских: Аккошқаров Е. Русско-казахский толковый словарь физических терминов. - Алма-Ата: Казахстан, 1974; Атамуратова К. Русско-казахский словарь физических терминов. - Алма-Ата: Мектеп, 1981.

В первом из них дается краткое толкование всего около 600 терминов, часто употребляемых в курсе общей физики. Однако в данную работу вошли далеко не все термины, даже наиболее часто используемые при изучении курса общей физики, и, конечно же, не охвачены специальные разделы современной физики.

Во второй работе приводится около 10000 терминов, однако в ней вообще не дается их толкование. Физические термины переведены не совсем точно, часто употребляется русский вариант, хотя можно было бы подобрать более подходящие и точно отражающие физический смысл рассматриваемых терминов слова на казахском языке.

Несмотря на имеющиеся недостатки, указанные словари - первые попытки создания подобных работ в казахской физической литературе. К сожалению, в настоящее время и они стали библиографической редкостью.

Предлагаемая вниманию читателей работа значительно восполняет существующий пробел в русско-казахских толковых словарях по основным отраслям науки и техники. В ней приведено толкование наиболее часто встречающихся терминов по всем разделам современной физики.

Цель настоящего издания - в сжатой форме дать толкование основных физических терминов на русском и казахском языках. Необходимость данной работы обусловлена тем, что физические термины занимают все большее место в системе современного образования, все чаще встречаются в периодической печати, научно-популярной литературе; в четких определениях физических явлений нуждаются научные работники (преподаватели, аспиранты и студенты высших учебных заведений естественно-научного, инженерного и инженерно-технического профиля), учителя и учащиеся средних специальных и общеобразовательных школ; словарь будет полезен также всем, кто интересуется физикой (двуязычие значительно расширяет круг читателей).

В работе содержится около 4000 терминов, встречающихся в наиболее полных современных учебниках по общему курсу физики для высших учебных заведений, а также в физических энциклопедических словарях. В незначительном количестве вошли термины смешанных дисциплин: технические, математические, химические и т.д. Включены также краткие биографические справки об ученых, ставших классиками физической науки.

Словарная часть издания не претендует на полноту освещения терминов по всем разделам современной физики. Кроме того, многим понятиям можно дать различное толкование, используя совокупность базовых определений.

В своей работе авторы стремились к сочетанию достаточной строгости с доступностью, что облегчает практическое усвоение смысла основных терминов.

Все замечания и пожелания читателей будут приняты составителями словаря с благодарностью и помогут дальнейшему его совершенствованию и улучшению.

Предложения просим направлять по адресу: 470074, г. Караганда, ул. Университетская, 28, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова.



Алғы сөз

Казіргі кезде әр түрлі оқырман қауымға арналып жазылып жарық көрген физикалық анықтама кітаптар мен энциклопедиялық сөздіктер жеткілікті мөлшерде баршылық. Ал қазақ тілінде (немесе орысша-қазақша, қазақша-орысша) жазылып баспадан шыққан мұндай еңбектер жоққа тән. Бүгінгі таңда оқырман қауымға екі ғана (Аққошқаров Е. Физикалық терминдердің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. - Алматы: Қазақстан, 1974; Атамұратова К. Физика терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. - Алматы: Мектеп, 1981) еңбектер белгілі. Бұл сөздіктердің біріншісінде жалпы физика курсында жиі кездесетін шамамен 600-ге жуық физикалық терминдер аталып, олардың қысқаша физикалық түсіндірмелері берілген. Бірақ бұл басылымда қазіргі заман физикасының арнайы салаларында кездесетін терминдерді былай қойғанда жалпы физика курсында жиі пайдаланатын көпшілік терминдер түгелдей дерлік қамтылмаған. Ал екінші сөздікте орыс және қазақ тілінде 10000-ға жуық физикалық терминдер келтірілген, алайда бұл еңбекте олардың физикалық түсіндірмесі мүлде берілмейді. Өкінішке орай, көпшілік физикалық терминдердің қазақ тіліндегі баламасы оның физикалық мағынасын дәл ойдағыдай бере алмаған.

Дегенмен, жіберілген кемшіліктердің болуына қарамастан, қарастырылып отырған екі еңбек қазақша физикалық әдебиет жасаудағы алғашқы жазылған сөздіктер болып табылады. Ал қазіргі кезде олардың өзі библиографиялық сирек кездесетін әдебиеттер қатарына жатады. Оқырман қауымның назарына ұсынылып отырған осы еңбек, жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, ғылым мен техниканың негізгі салалары бойынша баспадан шыққан орысша-қазақша түсіндірме сөздіктердің қатарын толықтыру мақсатымен жазылған авторлардың алғашқы қадамы болып табылады. Сөздікте жаңа заман физикасының түрлі салаларында жиі кездесетін физикалық терминдердің түсіндірмелері берілген.

Бұл басылымның қажеттілігі мынаған негізделген: қазіргі заманғы білім беру жүйесінде физикалық терминдер күннен күнге елеулі орын алады, олар күнделікті баспада, ғылыми және ғылыми көпшілік әдебиеттерде жиі кездесуде. Көпшілік ғылыми қызметкерлерге, жаратылыс тану ғылымы және инженер техникалық бағдардағы жоғарғы мектеп оқытушылары мен аспирант, студенттерге, арнайы және жалпы білім беретін орта мектептердің мұғалімдері мен оқушыларына физикалық ұғымдардың дәл анықтамаларының болуы аса қажеттілік тудыруда; сөздік физиканы қызығып оқитын барлық оқырмандар қауымына пайдалы оқу құралы болып табылады; сөздіктің екі тілде жазылуы, оны көпшілік оқырман қауымның пайдалануына мүмкіндік жасайды.

Сөздікте жоғары оқу орнына арналған қазіргі уақыттағы ең толық деген жалпы физика курсы оқулықтары мен физикалық энциклопедиялық сөздіктерде жиі кездесетін 4000-ға жуық терминдер жинақталған. Онымен қоса физикамен тығыз байланысқан

кейбір ғылым салаларынан (мыс., техника, математика, химия және т.б.) біраз терминдер енгізілген. Сөздікте физика тарихы мен энциклопедиялық әдебиеттерден алынған, физика ғылымының классиктері деп саналатын ғалымдардың қысқаша өмірбаяндары туралы анықтамалар енгізілген. Басылымның сөздік қоры қазіргі заман физикасындағы барлық терминдерді түгелдей дерлік қамтиды деп айтудан аулақпыз. Көпшілік физикалық терминдерді, негізгі түсініктердің жиынтығына пайдалана отырып әр түрлі түсіндірмелер беруге болады. Авторлар негізгі терминдерді практика жүзінде ұғынуды жеңілдетумен қоса, оның физикалық мағынасы толық сақталуын қатты қадағалап түсіндіруге тырысты. Сондықтан да авторлар сөздікті әрі қарай жетілдіріп, жақсарту мақсатында оқырмандар тарапынан байқалған кемшіліктер мен тілектерін алғыс айта қабыл алады.

Барлық тілектеріңізді мына мекен-жайға жіберулеріңізді сұраймыз: 470074, Қарағанды қаласы, Университет көшесі, 28 үй, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.



А

АБЕРРАЦИЯ ОПТИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ. Искажение изображения, создаваемого оптической системой.

АБЕРРАЦИЯ СВЕТА. Изменение направления светового луча вследствие движения наблюдателя относительно источника света.

АБЛЯЦИЯ. Унос массы с поверхности твердого тела потоком горячих газов, обтекающих эту поверхность.

АБСОЛЮТНАЯ ВЛАЖНОСТЬ. См. Влагосодержание.

АБСОЛЮТНАЯ ВЛАЖНОСТЬ ВОЗДУХА. Отношение массы водяного пара, содержащегося в некотором объеме воздуха, к величине этого объема.

АБСОЛЮТНАЯ ДЕФОРМАЦИЯ. Разность между конечным и начальным значениями величины, характеризующей размеры или форму деформируемого тела.

ОПТИКАЛЬК ЖҮЙЕНІН АБЕРРАЦИЯСЫ. Оптикалық жүйедегі кескіннің бұрмалануы.

ЖАРЫҚТЫҢ АБЕРРАЦИЯСЫ. Бақылаушының жарық көзіне қатысты қозғалуы салдарынан жарық сәулесі бағытының өзгеруі.

АБЛЯЦИЯ. Қатты дене бетіне жанай аққан ыстық газ ағынының осы беттен массаны алып кетуі.

АБСОЛЮТ ЫЛҒАЛДЫЛЫҚ. Ылғал ұстаушылықты қараңыз.

АУАНЫҢ АБСОЛЮТ ЫЛҒАЛДЫЛЫҒЫ Ауаның белгілі бір көлемдегі су буы массасының осы көлемге қатынасы.

АБСОЛЮТ ДЕФОРМАЦИЯ. Деформацияланған дененің өлшемін немесе қалпын сипаттайтын шамалардың соңғы және бастапқы мәндерінің айырымы.

АБСОЛЮТНАЯ СИСТЕМА ЕДИНИЦ. 1. Система единиц, содержащая ограниченное число основных единиц.

2. Система единиц, в которой основными механическими единицами являются единицы длины, массы, времени.

3. Система единиц, в которой за основные единицы приняты сантиметр, грамм, секунда.

АБСОЛЮТНАЯ СИСТЕМА ОТСЧЕТА. Инерциальная система отсчета, условно принятая за неподвижную.

АБСОЛЮТНАЯ СКОРОСТЬ. Скорость движения точки по отношению к абсолютной системе отсчета.

АБСОЛЮТНАЯ ТЕМПЕРАТУРА. Температура по термодинамической шкале температур, выраженная в кельвинах.

АБСОЛЮТНО ТВЕРДОЕ ТЕЛО. Тело, у которого расстояние между любыми двумя точками постоянно.

АБСОЛЮТНО ЧЕРНОЕ ТЕЛО. Тело, полностью поглощающее все падающие на него электромагнитные волны.

АБСОЛЮТНОЕ ДВИЖЕНИЕ. Изменение положения тела со временем по отношению к инер-

БІРЛІКТЕРДІҢ АБСОЛЮТ СИСТЕМАСЫ. 1. Негізгі бірліктердің шектелген санын құрайтын бірліктер системасы.

2. Негізгі механикалық бірліктер ретінде ұзындықтың, масса мен уақыттың бірліктері алынатын бірліктер системасы.

3. Негізгі бірліктер ретінде сантиметр, грамм және секунд алынатын бірліктер системасы.

АБСОЛЮТ САНАҚ СИСТЕМАСЫ. Шартты түрде қозғалмайтын инерциалды санақ системасы.

АБСОЛЮТ ЖЫЛДАМДЫҚ. Нүктенің абсолют санақ системасындағы қозғалыс жылдамдығы.

АБСОЛЮТ ТЕМПЕРАТУРА. Температураның термодинамикалық шкаласында кельвинмен берілген температура.

АБСОЛЮТ ҚАТТЫ ДЕНЕ. Кез келген екі нүктесінің ара қашықтығы тұрақты дене.

АБСОЛЮТ ҚАРА ДЕНЕ. Өзіне түскен барлық электромагниттік толқындарды түгелімен жұтатын дене.

АБСОЛЮТ ҚОЗҒАЛЫС. Дене орнының шартты түрде қозғалмайды деп есептелетін инерци-

циальной системе отсчета, условно принимаемой за неподвижную.

АБСОЛЮТНОЕ УСКОРЕНИЕ. Ускорение точки по отношению к абсолютной системе отсчета.

АБСОЛЮТНЫЙ НОЛЬ ТЕМПЕРАТУРЫ. Начало отсчета по термодинамической температурной шкале: соответствует температуре, лежащей на 273,16 К ниже температуры тройной точки воды.

АБСОЛЮТНЫЙ ПОКАЗАТЕЛЬ ПРЕЛОМЛЕНИЯ. Оптическая характеристика среды, равная отношению скорости света в вакууме к фазовой скорости света в среде.

АБСОРБЦИОННАЯ СПЕКТРОСКОПИЯ. Раздел спектроскопии, изучающий спектры поглощения видимого, инфракрасного и ультрафиолетового излучений.

АБСОРБЦИОННЫЙ СПЕКТР. См. Спектр поглощения.

АБСОРБЦИЯ. Объемное поглощение вещества из раствора или газовой смеси твердым телом или жидкостью.

алды санақ системасына қатысты уақыт бойынша өзгеруі.

АБСОЛЮТ ҮДЕУ. Нүктенің абсолют санақ системасына қатысты үдеуі.

ТЕМПЕРАТУРАЛЫҚ АБСОЛЮТ НӨЛ. Термодинамикалық температура шкаласы бойынша санақ басы; судың үштік нүктесінің температурасынан төмен 273,16К-де жатқан температураға сәйкес келеді.

АБСОЛЮТ СЫНУ КӨРСЕТКІШІ. Вакуумдағы жарық жылдамдығының белгілі бір ортадағы жарықтың фазалық жылдамдығына қатынасына тең сол ортаның оптикалық сипаттамасы.

АБСОРБЦИЯЛЫҚ СПЕКТРОСКОПИЯ. Спектроскопияның көрінетін, инфрақызыл және ультракүлгін сәулеленулерінің жұтылу спектрін қарастыратын бөлімі.

АБСОРБЦИЯЛЫҚ СПЕКТР. Жұтылу спектрін қараңыз.

АБСОРБЦИЯ. Қатты дененің немесе сұйықтың ертіндіден немесе газ қоспасынан затты көлемді жұтуы.

АВОГАДРО АМЕДЕО (1776-1856). Итальянский физик и химик, член Туринской АН (1819). Основные физические работы посвящены молекулярной физике. В 1911 г. открыл важный для физики и химии закон, названный законом Авогадро. Исходя из своего закона, разработал метод определения молекулярного и атомного весов.

АВОГАДРО ЗАКОН. См. Закон Авогадро.

АВТОВОЛНЫ. Автоколебательные процессы в средах с распределенными параметрами, возникающие в результате потери устойчивости однородного состояния сред.

АВТОГЕНЕРАТОР. Генератор колебаний с самовозбуждением.

АВТОИОНИЗАЦИЯ. Процесс ионизации атомов в сильных электрических полях.

АВТОКОЛЕБАНИЯ. В нелинейной диссипативной системе - незатухающие колебания, поддерживаемые внешним источником энергии, вид и свойства которых определяются самой системой.

АВТОКОЛЛИМАТОР. Оптико-механическое устройство для

АВОГАДРО АМЕДЕО (1776-1856). Итальян физигі және химигі, Турин ҒА мүшесі (1819). Негізгі физикалық жұмыстары молекулалық физикаға арналған. Физикадағы және химиядағы маңызды заң - Авогадро заңын 1811 ж. ашты. Өз заңының негізінде молекулалық және атомдық салмақты анықтау тәсілін қорытып шығарды.

АВОГАДРО ЗАҢЫ. Авогадроның заңын қараңыз.

АВТОТОЛҚЫНДАР. Ортаның біртекті күйінің тұрақтылығын жоғалтуы нәтижесінде пайда болған, параметрлері таралған орталардағы автотербелмелі процестер.

АВТОГЕНЕРАТОР. Өздігінен қозғыш тербеліс генераторы.

АВТОИОНДАНУ. Күшті электр өрісіндегі атомдардың иондану процесі.

АВТОТЕРБЕЛІСТЕР. Түрі мен қасиеті жүйенің өзімен анықталатын, сыртқы энергия көзінен қолдау табатын сызықтық емес диссипативті жүйедегі өшпейтін тербелістер.

АВТОКОЛЛИМАТОР. Автоколлимацияға негізделген, оп-

точной настройки оптических систем, основанное на автоколлимации.

АВТОКОЛЛИМАЦИЯ. Ход световых лучей, при котором они, выйдя из некоторой части оптической системы параллельным пучком, отражаются от плоского зеркала и проходят систему в обратном направлении.

АВТОМОДЕЛЬНОЕ ТЕЧЕНИЕ. Течение жидкости или газа, которое остается механически подобным самому себе при изменении параметров, характеризующих это течение.

АВТОМОДУЛЯЦИЯ. Пассивное управление добротностью оптического резонатора путем введения в него элементов, прозрачность которых меняется под действием светового излучения.

АВТОРАДИОГРАФИЯ. Метод изучения распределения радиоактивных компонентов в исследуемом объекте путем наложения на него чувствительной к радиоактивным излучениям фотоэмульсии.

АВТОФАЗИРОВКА. Автоматическое поддержание синхронности между движением пучка разряженных частиц и изменением ускоряющего их поля, обеспечи-

тикалык жүйені дәл күйлеуге арналған оптика-механикалык құрылғы.

АВТОКОЛЛИМАЦИЯ. Жарық сәулесінің оптикалык жүйенің қандай да бір бөлігінен параллель шок болып шығып, жазық айнадан шағылып жүйені кері бағытта өтуі.

АВТОМОДЕЛЬДІ АҒЫС. Ағысты сипаттайтын параметрлер өзгерседе өзіне өзі механикалык ұқсас болып қалатын сұйықтың немесе газдың ағысы.

АВТОМОДУЛЯЦИЯ. Оптикалык резонаторға мөлдірлігі жарық сәулелерінің әсерінен өзгертін элементтерді енгізу арқылы оның мерейлігінің пассивті басқарылуы.

АВТОРАДИОГРАФИЯ. Зерттелетін объектіге радиоактивті сәулеленуге сезімтал фотоэмульсия жағып, ондағы радиоактивті компоненттердің таралуын қарастыратын тәсіл.

АВТОФАЗАЛАУ. Зарядталған бөлшектердің циклді үдеткіштерінде бөлшекті жоғары энергияға дейін үдеткенде орбитадағы шоктың тұрақтылығын қа-

вающее устойчивое пучка на орбите при ускорении частиц до высоких энергий в циклических ускорителях заряженных частиц.

АВТОЭЛЕКТРОННАЯ ЭМИССИЯ. Вырывание электронов из металла внешним электрическим полем.

АГРЕГАТНОЕ СОСТОЯНИЕ ВЕЩЕСТВА. Состояния одного и того же вещества, переходы между которыми сопровождаются скачкообразными изменениями свободной энергии, энтропии, плотности и других основных физических свойств.

АДАПТАЦИЯ ГЛАЗА. Приспособление чувствительности глаза к изменяющимся условиям освещения.

АДАПТИВНАЯ ОПТИКА. Оптическая система, способная к самокоррекции вносимых ею искажений волнового фронта проходящего через нее света.

АДГЕЗИЯ. Слипание разнородных твердых и жидких тел, соприкасающихся своими поверхностями, обусловленное межмолекулярным взаимодействием.

мтамасыз ететін өрістің бөлшектерді үдеткендегі өзгерісі мен разрядталған бөлшектердің ағынының қозғалысы арасындағы синхрондылығын автоматты қолдау.

АВТОЭЛЕКТРОНДЫ ЭМИССИЯ. Сыртқы электр өрісімен металдан электрондарды жұлу.

ЗАТТЫҢ АГРЕГАТ КҮЙІ. Заттың бір-біріне өткен кездегі еркін энергиясының, энтропиясының, тығыздығының және басқа негізгі физикалық қасиеттерінің секірмелі өзгерісі болатын әр түрлі күйлері.

КӨЗДІҢ ДАҒДЫЛАНУЫ. Көз сезгіштігінің жарықталудың өзгерген жағдайларына қалыптасуы.

АДАПТИВТІ ОПТИКА. Өзі арқылы өткен жарықтың толқын майданының енгізген бұрмалануларын өздігінен түзетуге қабілетті оптикалық жүйе.

АДГЕЗИЯ. Молекулалық өзара әсерлесулермен шартталған, өздерінің беттерімен жанасатын әр текті қатты және сұйық денелердің жабысуы.

АДИАБАТА. Линия, изображающая на термодинамической диаграмме равновесный адиабатический процесс.

АДИАБАТИЧЕСКАЯ СЖИМАЕМОСТЬ. Отношение изменения объема системы при адиабатическом процессе к малому изменению давления и к объему, занимаемому системой.

АДИАБАТИЧЕСКИЙ ПРОЦЕСС. Процесс, происходящий без теплообмена с окружающей средой.

АДИАБАТИЧЕСКОЕ РАЗМАГНИЧИВАНИЕ. Магнитное охлаждение. Метод получения сверхнизких температур (ниже 1К) в парамагнетиках, основанный на магнетокалорическом эффекте.

АДИАБАТНАЯ ОБОЛОЧКА. Оболочка, не допускающая теплообмена между рассматриваемой системой и внешней средой.

АДРОНЫ. Общее наименование вещества из газообразной среды или раствора с поверхностным слоем жидкости или твердого тела.

АДРОННЫЙ АТОМ. Атомоподобная система, в которой силы электростатического притяже-

АДИАБАТА. Термодинамическая диаграмма тепе-тендіктегі адиабаталық процесті бейнелейтін сызық.

АДИАБАТАЛЫҚ СЫҒЫЛУ. Адиабаталық процесс кезіндегі жүйе көлемі өзгерісінің қысымның аз өзгерісімен жүйе алып тұрған көлемге қатынасы.

АДИАБАТАЛЫҚ ПРОЦЕСС. Қоршаған ортамен жылу алмасусыз өтетін процесс.

АДИАБАТАЛЫҚ МАГНИТ-СІЗДЕНУ. Магниттік салқындау. Парамагнетикте өте төменгі температураны (1К төмен) алудың магнетокалориялық эффектіге негізделген тәсілі.

АДИАБАТАЛЫҚ ҚАБЫҚША. Қарастырып отырған жүйе мен сыртқы орта арасындағы жылу алмасуды болдырмайтын қабықша.

АДРОНДАР. Газ тәрізді ортадағы, қатты дененің немесе сұйықтың беттік қабатының ерітіндісіндегі заттардың жалпы атаулары.

АДРОНДЫ АТОМ. Электростатикалық тартылыс күштерінің оң зарядталған атом

ния связывают положительно заряженное атомное ядро с отрицательным адроном (π^- , K^- - мезоны, антипротон и др.). Адронный атом образуется при торможении отрицательного адрона в веществе.

АДСОРБЦИОННОЕ РАВНОВЕСИЕ. Состояние системы, при котором процессы адсорбции и десорбции имеют равные скорости.

АДСОРБЦИЯ. Поглощение вещества из газообразной среды или раствора поверхностным слоем жидкости или твердого тела.

АЗИМУТАЛЬНОЕ КВАНТОВОЕ ЧИСЛО. См. Полное квантовое число.

АККОМОДАЦИЯ ЗРИТЕЛЬНАЯ. Приспособление глаза к ясному видению предметов, находящихся на разных расстояниях.

АККУМУЛЯТОР. Устройство для накопления энергии с целью ее дальнейшего использования.

АККУМУЛЯТОРНАЯ БАТАРЕЯ. Электрическая батарея, состоящая из электрических аккумуляторов.

АКСЕЛЕРОМЕТР. Прибор для измерения ускорения.

ядросын теріс адрондармен (π^- , K^- - мезондар, антипротон және т.б.) байланыстыратын атом тәрізді жүйе. Адронды атом заттағы теріс адронды теген кезде құралады.

АДСОРБЦИОНДЫ ТЕПЕ-ТЕҢДІК. Адсорбция және десорбция процестері бірдей жылдамдықта болатын жүйенің күйі.

АДСОРБЦИЯ. Заттың газ тәрізді ортадан немесе ерітіндіден қатты дененің немесе сұйықтың бетік қабатымен жұтылуы.

АЗИМУТАЛДЫ КВАНТТЫҚ САН. Толық кванттық сандарды қараңыз.

КӨРУ АККОМОДАЦИЯСЫ. Әр түрлі қашықтықта орналасқан заттарды көздің анық көруге икемделуі.

АККУМУЛЯТОР. Энергияны кейіннен қолдану мақсатында жинақтауға арналған құрылғы.

АККУМУЛЯТОРЛЫҚ БАТАРЕЯ. Электрлік аккумуляторлардан тұратын электр батареясы.

АКСЕЛЕРОМЕТР. Үдеуді өлшеуге арналған құрал.

АКСОИД. Поверхность, описываемая в пространстве мгновенной осью вращения тела, вращающегося вокруг неподвижной точки.

АКТ РАСПАДА. Радиоактивный распад атомного ядра.

АКТИВАЦИОННЫЙ АНАЛИЗ. Определение химического состава вещества с помощью регистрации излучения радиоактивных изотопов, образующихся при облучении вещества ядерными частицами.

АКТИВНАЯ ЗОНА. Область ядерного реактора, в которой находится ядерное топливо, протекает цепная реакция деления ядер и выделяется энергия.

АКТИВНАЯ СРЕДА. Вещество, в котором осуществлена инверсия населенностей уровней энергии, в результате чего может быть достигнуто усиление электромагнитных волн при их прохождении через вещество.

АКТИВНАЯ ТУРБИНА. Турбина, в которой потенциальная энергия рабочего тела преобразуется в кинетическую в неподвижных каналах, а на рабочих лопатках происходит только превращение его кинетической энергии в механическую работу.

АКСОИД. Кеңістікте қозғалмайтын нүктенің маңайында айналатын дененің мезеттік айналу өсімен сипатталатын бет.

ЫДЫРАУ АКТИСІ. Атом ядросының радиоактивті ыдырауы.

АКТИВАЦИЯЛЫҚ ТАЛДАУ. Затты ядролық бөлшектермен сәулелендірген кезде құралатын радиоактивті изотоптардың сәулеленуін тіркеу көмегімен заттың химиялық құрамын анықтау.

АКТИВ АЛҚАП. Ядролық отын орналасқан, ядроның тізбекті бөліну реакциясы өтетін және энергия бөлінетін ядролық реактордың бөлігі.

АКТИВ ОРТА. Энергия деңгейлерінің толу инверсиясы жүзеге асатын және соның нәтижесінде зат арқылы өткенде электромагниттік толқындардың күшеюіне мүмкіндік беретін зат.

АКТИВ ТУРБИНА. Қозғалмайтын каналда жұмыстық дененің потенциалдық энергиясы кинетикалыққа түрленетін, ал жұмыс қалақтарында оның кинетикалық энергиясының тек механикалық жұмысқа түрленуі өтетін турбина.

АКТИВНОЕ ЭЛЕКТРИЧЕСКОЕ СОПРОТИВЛЕНИЕ. Электрическое сопротивление тел, наличие электрического тока в которых приводит к выделению тепла.

АКТИВНОСТЬ ИСТОЧНИКА РАДИОАКТИВНОГО ИЗЛУЧЕНИЯ. Отношение полного числа распадов радиоактивных атомных ядер источника к промежутку времени, в течение которого происходит это число распадов.

АКТИНОМЕТР. Прибор для измерения интенсивности прямой солнечной радиации (излучения) по степени нагрева поглощающей радиацию зачерненной поверхности.

АКУСТИКА. Область физики, исследующая генерацию, распространение и взаимодействие с веществом звуковых волн.

АКУСТИЧЕСКАЯ ЛИНЗА. Устройство для фокусировки звуковых волн.

АКУСТИЧЕСКАЯ СПЕКТРОСКОПИЯ. Совокупность методов измерения фазовой скорости и коэффициента поглощения звуковых волн различных частот, распространяющихся в веществе.

АКТИВ ЭЛЕКТР КЕДЕРГІСІ. Электр тогының болуы жылу бәлінуіне әкелетін дененің электр кедергісі.

РАДИОАКТИВТІ СӘУЛЕЛЕНУ КӨЗІНІҢ АКТИВТІЛІГІ. Сәулеленуші көздің радиоактивті атом ядросының толық ыдырау санының осы ыдырау саны өткен уақыт аралығына қатынасы.

АКТИНОМЕТР. Радиацияны жұтушы қарайтылған беттің қызу дәрежесі бойынша күннің тікелей радиациясының (сәулеленуінің) интенсивтілігін өлшеуге арналған құрал.

АКУСТИКА. Физиканың дыбыс толқындарының генерациялануын, таралуын және затпен өзара әсерлесуін зерттейтін бөлімі.

АКУСТИКАЛЫҚ ЛИНЗА. Дыбыс толқындарын тоғыстыруға арналған құрылғы.

АКУСТИКАЛЫҚ СПЕКТРОСКОПИЯ. Затта таралатын әр түрлі жиіліктегі дыбыс толқынының жұту коэффициентін және фазалық жылдамдықты өлшеу тәсілдерінің жиынтығы.

АКУСТИЧЕСКАЯ ЭМИССИЯ. Возникновение звуковых волн при появлении и развитии трещин в твердых телах.

АКУСТИЧЕСКИЙ ВЕТЕР. Регулярное течение среды, возникающее при распространении в ней интенсивного звука.

АКУСТИЧЕСКИЙ ЗОНД. Устройство для измерения звукового давления.

АКУСТИЧЕСКИЙ ИМПЕДАНС. Комплексное сопротивление, которое вводится при рассмотрении колебаний излучателей и приемников звука.

АКУСТИЧЕСКИЙ КАНАЛ. Совокупность устройств и физических сред, передающих сигналы с помощью звуковых и ультразвуковых волн.

АКУСТИЧЕСКИЙ КОНЦЕНТРАТОР. Устройство для увеличения интенсивности звука.

АКУСТИЧЕСКИЙ РЕЗОНАТОР. Сосуд, сообщающийся с внешней средой через небольшое отверстие или трубку и используемый для анализа частот сложных звуков, а также в качестве резонансного звукопоглотителя.

АКУСТИКАЛЫҚ ЭМИССИЯ. Қатты денеде жырық іздер пайда болғанда және олар ұлғайған кездегі дыбыс толқынының шығуы.

АКУСТИКАЛЫҚ ЖЕЛ. Ортада интенсивті дыбыс таралғанда пайда болатын, ортаның үнемі ағуы.

АКУСТИКАЛЫҚ ЗОНД. Дыбыс қысымын өлшеуге арналған құрылғы.

АКУСТИКАЛЫҚ ИМПЕДАНС. Дыбыс қабылдағыштар мен сәулелендіргіштер тербелісін қарастырғанда енгізілетін комплексті кедергі.

АКУСТИКАЛЫҚ КАНАЛ. Дыбыстық және ультрадыбыстық толқындардың көмегімен белгі беретін физикалық заттар мен құрылғылардың жиынтығы.

АКУСТИКАЛЫҚ КОНЦЕНТРАТОР. Дыбыстың интенсивтілігін ұлғайтуға арналған құрылғы.

АКУСТИКАЛЫҚ РЕЗОНАТОР. Сыртқы ортамен күрделі дыбыстар жиілігін талдауға арналған түтік немесе шағын тесік арқылы, сонымен бірге резонансты дыбыс жұтқыш ретінде қатынасатын ыдыс.

АКУСТИЧЕСКИЙ РЕЗОНАНС. Избирательное поглощение энергии фононов определенной частоты в парамагнитных кристаллах, помещенных в постоянное магнитное поле.

АКУСТИЧЕСКОЕ СОПРОТИВЛЕНИЕ. Отношение звукового давления к скорости, с которой движутся частицы среды, колеблющиеся около положения равновесия при прохождении звуковой волны.

АКУСТИЧЕСКОЕ ТЕЧЕНИЕ. См. Акустический ветер.

АКУСТООПТИКА. Раздел физики, изучающий взаимодействие электромагнитных волн со звуковыми в твердых телах и жидкостях.

АКУСТООПТИЧЕСКАЯ ДИФРАКЦИЯ. Дифракция света на неоднородностях среды, возникающих при прохождении в среде ультразвуковых волн.

АКУСТОЭЛЕКТРИЧЕСКИЙ ЭФФЕКТ. Возникновение постоянного электрического поля в металлах и полупроводниках при распространении в них ультразвука или гиперзвука. Поле направлено вдоль направления распространения волны. Акусто-

АКУСТИКАЛЫҚ РЕЗОНАНС. Тұрақты магнит өрісіне орналасқан парамагнитті кристалдардың белгілі жиіліктегі фондар энергиясын талдап жұтуы.

АКУСТИКАЛЫҚ КЕДЕРГІ. Дыбыс қысымының дыбыс толқыны өткен кезде тепе-теңдік жағдайдың маңайында тербелген орта бөлшектері қозғалысының жылдамдығына қатынасы.

АКУСТИКАЛЫҚ АҒЫС. Акустикалық желді қараңыз.

АКУСТООПТИКА. Қатты денелер мен сұйықтардағы дыбыс толқындары мен электромагниттік толқындардың өзара әсерлерін зерттейтін физика бөлімі.

АКУСТООПТИКАЛЫҚ ДИФРАКЦИЯ. Ортадан ультрадыбыс толқындары өткенде пайда болатын орта біртексіздігіндегі жарық дифракциясы.

АКУСТОЭЛЕКТРЛІК ЭФФЕКТ. Металдар мен жартылай өткізгіштерде ультра-немесе гипердыбыстар таралғанда оларда тұрақты электр өрісінің пайда болуы. Өріс толқынның таралу бағытының бойымен бағытталған. Акустоэлектрлік

электрический эффект связан с увлечением носителей тока звуковой волной.

АКУСТОЭЛЕКТРОНИКА. Область физики и техники, связанная с разработкой ультразвуковых устройств для преобразования и обработки радиосигналов.

АКЦЕПТОР. Дефект кристаллической решетки полупроводника, захватывающий электроны, обусловленные примесью или дислокацией.

АКЦЕПТОРНАЯ ПРИМЕСЬ. Примесь, вызывающая в полупроводнике образование дырок.

АКЦЕПТОРНЫЙ УРОВЕНЬ. Уровень энергии в полупроводнике, обусловленный наличием акцепторной примеси.

АЛЛОТРОПИЯ. Существование химического элемента в виде двух или нескольких простых веществ, различных по своему строению и свойствам.

АЛЬБЕДО. Величина, характеризующая отражательную или рассеивающую способность поверхности тела по отношению к падающим на нее излучению или частицам.

эффект дыбыс толқынының ток тасығыштарды ұлғайтуымен байланысты.

АКУСТОЭЛЕКТРОНИКА. Радиобелгілерді түрлендіруге және өндеуге арналған ультрадыбыс құралғыларды жасаумен шұғылданатын физика мен техника облысы.

АКЦЕПТОР. Қоспамен немесе топтастырылумен шартталған электрондарды қармаушы жартылай өткізгіштердің кристалдық торындағы ақау.

АКЦЕПТОРЛЫҚ КОСПА. Жартылай өткізгіште кемтіктің құралуын туғызатын қоспа.

АКЦЕПТОРЛЫҚ ДЕҢГЕЙ. Акцепторлық қоспаның болуымен шартталған жартылай өткізгіштегі энергияның деңгейі.

АЛЛОТРОПИЯ. Өзінің құрылысы мен қасиеті жағынан әр түрлі екі немесе бірнеше қарапайым заттар түріндегі химиялық элементтің болуы.

АЛЬБЕДО. Өзіне түсетін сәулеленуге немесе бөлшекке қатысты дене бетінің шағылдырғыштық немесе шашыратқыштық қабілетін сипаттайтын шама.

АЛЬФА-ЛУЧИ. Вид излучения радиоактивных ядер, представляющий собой поток альфа-частиц.

АЛЬФА-РАСПАД. Самопроизвольное испускание альфа-частиц радиоактивными ядрами.

АЛЬФА-СПЕКТРОМЕТР. Прибор для измерения энергии альфа-частиц, испускаемых радиоактивными ядрами.

АЛЬФА-СПЕКТРОСКОПИЯ. Раздел ядерной спектроскопии.

АЛЬФА-ЧАСТИЦА. Ядро атома гелия, испускаемое некоторыми радиоактивными веществами.

АМБИПОЛЯРНАЯ ДИФфуЗИЯ. Совместная диффузия в одном направлении противоположно заряженных частиц, происходящая в плазме или в электролите.

АМОРФНОЕ ВЕЩЕСТВО. Твердое вещество, не обладающее упорядоченным строением.

АМОРФНОЕ ТЕЛО. Тело, не имеющее правильного, периодического расположения составляющих его микрочастиц.

АМПЕР АНДРЕ МАРИ (1775-1836). Французский физик, математик и химик, член

АЛЬФА-СЭУЛЕ. Альфа - бөлшек ағыны түріндегі радиоактивті ядро сәулеленулерінің түрі.

АЛЬФА-ЫДЫРАУ. Радиоактивті ядроның альфа-бөлшекті өздігінен бөліп шығаруы.

АЛЬФА-СПЕКТРОМЕТР. Радиоактивті ядро шығарған альфа-бөлшектердің энергиясын өлшеуге арналған құрал.

АЛЬФА-СПЕКТРОСКОПИЯ. Ядролық спектроскопия бөлімі.

АЛЬФА-БӨЛШЕК . Кейбір радиоактивті заттар бөліп шығаратын гелий атомының ядросы.

АМБИПОЛЯРЛЫ ДИФфуЗИЯ. Плазмада немесе электродитте өтетін карама-қарсы зарядталған бөлшектердің бір бағыттағы бірлескен диффузиясы.

АМОРФ ЗАТ. Ретсіз құрылысты қатты зат.

АМОРФ ДЕНЕ. Өзін құрайтын микробөлшектердің дұрыс, мерзімді орналасуы болмайтын дене.

АМПЕР АНДРЕ МАРИ (1775-1836). Француз физигі, математигі және химигі, Париж ҒА

Парижской АН (1814). Основные работы посвящены электродинамике. В 1820 г. сформулировал правила для определения направления магнитного поля на магнитную стрелку (правила Ампера). Открыл взаимодействие электрических токов, разработал теорию магнетизма (1820). Открыл (1822) магнитный эффект катушки с током - соленоида. Изобрел коммутатор, электромагнитный телеграф (1829). Сформулировал понятие "кинематика".

АМПЕР. Единица силы электрического тока в СИ.

АМПЕР-ВЕСЫ. Прибор для воспроизведения ампера.

АМПЕР-ВИТОК. Единица магнитодвижущей силы, определяемая произведением числа витков обмотки, по которой протекает электрический ток, на значение силы тока в амперах.

АМПЕРМЕТР. Прибор для измерения силы электрического тока.

АМПЕРОМЕТРИЧЕСКОЕ ТИТРОВАНИЕ. Электрохимический метод количественного анализа, при котором конечную точку титрования находят по резкому изменению диффузионного тока.

мүшесі (1814). Негізгі жұмыстары электродинамикаға арналған. 1820 ж. магнит тілінде магнит өрісінің қимыл бағытын анықтайтын ережені құрастырды (Ампер ережесі). Электр токтарының өзара әсерлесуін ашты, магнетизм теориясын қорытты (1820). Тоғы бар катушка - соленоидтың магниттік эффектісін ашты (1822). Коммутаторды, электромагниттік телеграфты ойлап тапты (1829). "Кинематика" түсінігін тұжырымдады.

АМПЕР. СИ системасындағы электр тоғы күшінің бірлігі.

АМПЕР-ТАРАЗЫ. Амперді қайта тіктеуге арналған құрал.

АМПЕР-ОРАМ. Электр тоғы ағып өтетін ораудағы орам санын ампермен берілген ток күшінің сан мәніне көбейтумен анықталатын магнит қозғаушы күштің бірлігі.

АМПЕРМЕТР. Электр тоғының күшін өлшеуге арналған құрал.

АМПЕРМЕТРЛІК ТИТРЛЕУ. Титрлердің соңғы нүктесін диффузиялық токтың кенеттен өзгеруінен табатын сандық талдаудың электрохимиялық тәсілі.

АМПЛИТУДА КОЛЕБАНИЙ. Наибольшее отклонение от среднего значения величины, совершающей гармонические колебания.

АМПЛИТУДА РАССЕЯНИЯ. В квантовой теории - величина, количественно описывающая столкновение микрочастиц.

АМПЛИТУДНАЯ МОДУЛЯЦИЯ. Модуляция колебаний, при которой происходит изменение их амплитуды.

АМПЛИТУДНЫЙ АНАЛИЗАТОР ИМПУЛЬСОВ. Устройство для нахождения распределений амплитуд электрических импульсов от детекторов частиц.

АМПЛИТУДНЫЙ ДИСКРИМИНАТОР. Устройство для выделения (селекции) электрических сигналов, амплитуда которых превышает некоторый заданный уровень (порог срабатывания).

АМПЛИТУДНЫЙ КОНТРАСТ. Отношение разностей максимальной и минимальной светимостей объекта или освещенностей изображения к их сумме.

АНАЛИЗ ЗВУКА. Разложение сложного звука на ряд простых

ТЕРБЕЛІС АМПЛИТУДАСЫ. Гармониялық тербелістер жасайтын шаманың орташа мәнінен ең үлкен ауытқуы.

ШАШЫРАУ АМПЛИТУДАСЫ. Кванттық теорияда микробөлшектердің соқтығысуын сандық сипаттайтын шама.

АМПЛИТУДАЛЫҚ МОДУЛЯЦИЯ. Амплитудасында өзгеріс болатын тербеліс модуляциясы.

ИМПУЛЬСТЕРДІҢ АМПЛИТУДАЛЫҚ ТАЛДАҒЫШЫ. Электр импульстарының амплитудаларының таралуын бөлшектердің детекторларынан табуға арналған құрылғы.

АМПЛИТУДАЛЫҚ ДИСКРИМИНАТОР. Амплитудасы қандай да бір берілген деңгейден (іске қосылу өткелі) артаатын электр белгілерін бөлуге (талдауға) арналған құрылғы.

АМПЛИТУДАЛЫҚ АЙҚЫНДЫҚ. Кескін жарықталынуы немесе объект жарықтылығының максимал және минимал мәндері айырымының олардың қосындысына қатынасы.

ДЫБЫСТЫ ТАЛДАУ. Күрделі дыбыстың бірнеше қарапайым

волн. Два вида анализа: частотный и временной.

АНАЛИЗ РАЗМЕРНОСТЕЙ. Метод установления связи между физическими величинами, существенными для данного явления, основанный на рассмотрении размерностей этих величин.

АНАЛИЗАТОР СПЕКТРА. Прибор для определения зависимости амплитуды от частоты в спектре колебаний какой-либо физической величины.

АНАСТИГМАТ. Объектив, практически свободный от всех аберраций оптических систем.

АНГАРМОНИЗМ. Отличие колебаний от гармонических колебаний, вызванное нелинейностью колебательной системы.

АНГАРМОНИЧЕСКИЙ ОСЦИЛЛЯТОР. Осциллятор, колебания которого отличаются от гармонических.

АНГСТРЕМ АНДЕРС ИОНАС (1814-1874). Шведский физик и астроном. Физические исследования посвящены спектральному анализу. Является одним из основоположников спектроскопии. Изучал спектры пламени, электр

толкынға жіктелуі. Талдаудың екі түрі: жиіліктілік және уақыттық.

ӨЛШЕМДІЛІКТЕРДІ ТАЛДАУ. Физикалық шамалардың өлшемділігін қарастыруға негізделген, берілген құбылысқа тиісті физикалық шамалардың арасындағы байланыстарды тағайындау тәсілі.

СПЕКТР ТАЛДАҒЫШ. Амплитуданың қандай да бір физикалық шаманың тербеліс спектріндегі жиілік тәуелділігін анықтауға арналған құрал.

АНАСТИГМАТ. Іс жүзінде оптикалық жүйенің барлық аберрацияларынан бос объектив.

АНГАРМОНИЗМ. Тербелістің тербелмелі жүйенің түзу сызқты еместігінен болатын гармониялық тербелістен айырмашылығы.

АНГАРМОНИЯЛЫҚ ОСЦИЛЛЯТОР. Тербелісі гармониялықтан өзгеше осциллятор.

АНГСТРЕМ АНДЕРС ИОНАС (1814-1874). Швед физигі және астрономы. Физикалық зерттеулері спектрлік талдауға арналған. Спектроскопияның негізін салушылардың бірі. Жалынның, электр доғасының,

трической дуги, Солнца, планет. Открыл в 1862 г. водород в солнечной атмосфере. Работы Ангстрема посвящены также изучению теплоты, магнетизма металлов. Именем Ангстрема названа единица длины, равная 10^{-10} м.

АНГСТРЕМ. внесистемная единица длины, равная 10^{-10} м. Употребляется в атомной физике.

АНЕМОМЕТР. прибор для измерения скорости газовых потоков.

АНИЗОМЕТР МАГНИТНЫЙ. прибор для определения магнитной анизотропии.

АНИЗОТРОПИЯ. зависимость физических свойств тела или поля от направления.

АНИЗОТРОПНАЯ СРЕДА. вещество, физические свойства которого зависят от выбранного в нем направления.

АНИЗОТРОПНОЕ ТЕЛО. тело, свойства которого различны по разным направлениям.

Күннің, планеталардың спектрлерін зерттеді. 1862 ж. күн атмосферасында сутегін ашты. Ангстремнің жұмыстары сонымен қатар жылуға, магнетизмге және металдарды зерттеуге арналған. Ангстремнің атымен 10^{-10} метрге тең ұзындық бірлігі аталған.

АНГСТРЕМ. атомдық физикада қолданылатын 10^{-10} метрге тең ұзындықтың системадан тыс бірлігі.

АНЕМОМЕТР. газ ағынының жылдамдығын өлшеуге арналған құрал.

МАГНИТТІ АНИЗОМЕТР. магниттік анизотропияны анықтауға арналған құрал.

АНИЗОТРОПИЯ. дене немесе өрістің физикалық қасиеттерінің бағытқа тәуелділігі.

АНИЗОТРОПТЫ ОРТА. физикалық қасиеті таңдап алынған бағыттан тәуелді зат.

АНИЗОТРОПТЫ ДЕНЕ. қасиеті әр бағытта әр түрлі болатын дене.

АНИОН (от греч. ANION - идущий вверх). Отрицательно заряженный ион при электролизе растворов, содержащих ионы.

АННИГИЛЯЦИЯ. Процесс превращения частицы и соответствующей ей античастицы в другие частицы, происходящий при их столкновении.

АНОД. 1. Положительный полюс источника электрического тока. 2. Электрод прибора, соединяемый с положительным полюсом источника электрического тока. 3. Положительный полюс электролитической ванны. 4. Положительный электрод электрической дуги.

АНОДНАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА. Зависимость анодного тока электронной лампы от анодного напряжения при постоянном сеточном напряжении.

АНОДНОЕ НАПРЯЖЕНИЕ. Электрическое напряжение, приложенное между анодом и катодом электронной лампы.

АНОДНОЕ СВЕЧЕНИЕ. Светящаяся область в анодной области газоразрядной трубки при тлеющем разряде.

АНОДНЫЕ ЛУЧИ. См. Каналовые лучи.

АНИОН (грекше ANION - жоғарылап кетуші). Құрамында иондары бар ерітінді электролизі кезіндегі теріс зарядталған ион.

АННИГИЛЯЦИЯ. Бір-бірімен соқтығысқан кезде бөлшектің және оған сәйкес антибөлшектің басқа бөлшекке түрлену процесі.

АНОД. 1. Электр ток көзінің оң полюсі. 2. Құралдың электр ток көзінің оң полюсімен жалғанған электроды. 3. Электролиттік астаудың оң полюсі. 4. Электр доғасының оң электроды.

АНОДТЫҚ СИПАТТАМА. Электрондық шамның анодтық тогының тұрақты торлық кернеу кезіндегі анодтық кернеуден тәуелділігі.

АНОДТЫҚ КЕРНЕУ. Электрондық шамның аноды мен катоды арасына берілген электр кернеуі.

АНОДТЫҚ ЖАРҚЫЛДАУ. Солғын разряд кезіндегі газоразрядты түтіктің анодты облысындағы жарқылдағыш облыс.

АНОДТЫҚ СӘУЛЕ. Каналдық сәулені қараңыз.

АНОДНЫЙ ТОК. Электрический ток, текущий в анодной цепи электронной лампы.

АНОМАЛИЯ СИЛЫ ТЯЖЕСТИ. См. Гравитационная аномалия.

АНОМАЛЬНАЯ ДИСПЕРСИЯ СВЕТА. Уменьшение показателя преломления вещества с уменьшением длины волны света.

АНСАМБЛЬ СТАТИСТИЧЕСКИЙ. Совокупность одинаковых физических систем многих частиц, находящихся в одинаковых макроскопических состояниях, в то время как микросостояния могут быть различными.

АНТИВЕЩЕСТВО. Материя, построенная из античастиц.

АНТИНЕЙТРИНО. Нейтральная элементарная частица, являющаяся античастицей по отношению к нейтрину.

АНТИНЕЙТРОН. Античастица нейтрона, отличающаяся от него знаками барионного заряда и магнитного момента.

АНОДТЫҚ ТОК. Электрондық шамның анодтық тізбегі арқылы ағатын электр тоғы.

АУЫРЛЫҚ КҮШІНІҢ АНОМАЛИЯСЫ. Гравитациялық аномалияны қараңыз.

ЖАРЫҚТЫҢ АНОМАЛЬДЫ ДИСПЕРСИЯСЫ. Жарықтың толқын ұзындығының кемуімен заттың сыну көрсеткішінің кемуі.

СТАТИСТИКАЛЫҚ АНСАМБЛЬ. Микрокүй әр түрлі болған кезде де бірдей макроскопиялық күйдегі көптеген бөлшектердің бірдей физикалық жүйелерінің жиынтығы.

АНТИЗАТ. Антибөлшектерден тұрғызылған материя.

АНТИНЕЙТРИНО. Нейтриноға қатысты антибөлшек болатын бейтарап элементар бөлшек.

АНТИНЕЙТРОН. Нейтроннан бариондық заряд пен магниттік моменттің таңбаларымен ерекшеленетін антибөлшек.

АНТИПОДЫ ОПТИЧЕСКИЕ.

Оптически активные кристаллы, существующие в одних и тех же условиях в двух формах с равной по величине, но противоположной по знаку вращательной способностью.

АНТИПРОТОН. Античастица протона, отличающаяся от него знаками электрического и барионного зарядов и магнитного момента.

АНТИСЕГНЕТОЭЛЕКТРИК.

Диэлектрический кристалл, который, хотя и не является сегнетоэлектриком, обладает фазовым переходом с заметной аномалией температурной зависимости диэлектрической проницаемости и гистерезисом в сильных электрических полях.

АНТИСТОКСОВА КОМПОНЕНТА. Спектральный сателлит при комбинационном рассеянии света с длиной волны, меньшей длины волны линии нерассеянного света.

АНТИСТОКСОВЫ ЛИНИИ.

Спектральные линии, наблюдаемые при комбинационном рассеянии света, частота которых больше частоты источника монохроматического света.

ОПТИКАЛЫҚ АНТИПОД-

ТАР. Бірдей шарттардың өзінде шамасы жағынан тең, бірақ таңбасы жағынан қарама-қарсы айналмалы қабілеттілікпен екі калыпта болатын оптикалық актив кристалдар.

АНТИПРОТОН. Протоннан электр және бариондық зарядтарының және магниттік моменттерінің таңбасы жағынан ерекшеленетін антибөлшек.

АНТИСЕГНЕТОЭЛЕКТРИК.

Сегнетоэлектрик болмаса да күшті электр өрісінде фазалық өту кезінде гистерезис пен диэлектрлік өтімділіктің температуралық тәуелділігінің аномалиясы ерекше байқалатын диэлектрлік кристалл.

АНТИСТОКСТЫҚ КОМПОНЕНТ. Толқын ұзындығы шашырамаған жарық сызықтарының толқын ұзындығынан кіші жарықтың комбинациялық шашырауы кезіндегі спектрлік сателлит.

АНТИСТОКСТЫҚ СЫЗЫҚ-

ТАР. Жиілігі монохроматты жарық көзінің жиілігінен үлкен жарықтың комбинациялық шашырауы кезіндегі байқалатын спектрлік сызықтар.

АНТИФЕРРОМАГНЕТИЗМ.

Магнетизм, при котором магнитные моменты атомов или ионов в веществе антипараллельны, причем намагниченность при отсутствии магнитного поля равна нулю.

АНТИФЕРРОМАГНЕТИК. Вещество, обнаруживающее антиферромагнетизм.

АНТИФЕРРОМАГНИТНЫЙ РЕЗОНАНС. Избирательное поглощение энергии электромагнитных волн, проходящих через антиферромагнетик при определенных значениях частоты и напряженности приложенного к нему магнитного поля.

АНТИЧАСТИЦА. Элементарная частица, отличающаяся от соответствующей ей частицы знаком электрического заряда, магнитного момента или иной характеристики.

АПЕРИОДИЧЕСКАЯ СИСТЕМА. Система, в которой собственные колебания невозможны вследствие больших потерь энергии.

АПЕРТУРА. Диаметр отверстия, определяющий ширину светового пучка в оптической системе.

АНТИФЕРРОМАГНЕТИЗМ.

Заттағы атомдардың немесе иондардың магниттік моменті антипараллель, ал магнит өрісі болмаған кездегі магниттелуі нөлге тең магнетизм.

АНТИФЕРРОМАГНЕТИК.

Антиферромагнетизм байқалатын зат.

АНТИФЕРРОМАГНИТТІ РЕЗОНАНС. Антиферромагнетикке түсірілген магнит өрісі кернеулігінің және жиілігінің белгілі бір мәнінде антиферромагнетик арқылы өтетін электромагниттік толқын энергиясын талғап жұту.

АНТИБӨЛШЕК. Өзіне сәйкес бөлшектен электр заряды, магнит моменті және басқа да сипаттамаларының таңбасы арқылы ерекшеленетін элементар бөлшек.

МЕРЗІМДІ ЕМЕС ЖҮЙЕ. Меншікті тербелісі энергияның үлкен шығыны салдарынан мүмкін болмайтын жүйе.

АПЕРТУРА. Оптикалық жүйедегі жарық шоғының енін анықтайтын тесіктің диаметрі.

АПЕРТУРНЫЙ УГОЛ. Угол между крайними лучами конического светового пучка, входящего в оптическую систему.

АПОДИЗАЦИЯ. Искусственное перераспределение интенсивности в дифракционном изображении точечного источника света.

АПОСТИЛЬБ. Внесистемная единица яркости.

АПОХРОМАТ. Объектив, у которого после коррекции аберраций оптических систем остаточная хроматическая аберрация меньше, чем у ахромата.

АППАРАТНАЯ ФУНКЦИЯ. Характеристика измерительного прибора, устанавливающая связь измеренной величины на выходе прибора с истинным значением этой величины на его входе.

АРЕОМЕТР. Прибор для определения плотности жидкости, действующий на основе закона Архимеда.

АРОМАТ. Характеристика типа кварк, включающая всю совокупность его квантовых чисел, кроме цвета.

АПЕРТУРАЛЫҚ БҰРЫШ. Оптикалық жүйеге кіретін конустық жарық шоғының шеткі сәулелері арасындағы бұрыш.

АПОДИЗАЦИЯ. Нүктелік жарық көзіндегі дифракциялық кескіннің интенсивтілігін жасанды қайта бөлу.

АПОСТИЛЬБ. Жарқыраудың системадан тыс бірлігі.

АПОХРОМАТ. Оптикалық жүйенің аберрациясын түзеткеннен кейін қалдық хроматикалық аберрациясы ахроматтікінен кіші болатын объектив.

АППАРАТТЫҚ ФУНКЦИЯ. Құралдың шығысындағы өлшенетін шама мен кірісіндегі осы шаманың ақиқат мәні арасындағы байланысты тағайындайтын өлшегіш құралдың сипаттамасы.

АРЕОМЕТР. Әсері Архимед заңына негізделген сұйықтың тығыздығын анықтауға арналған құрал.

АРОМАТ. Құрамында кварктың түсінен басқа оның барлық кванттық сандарының жиынтығын қамтитын кварк түрінің сипаттамасы.

АРХИМЕД (ок.287 - 212 гг. до н.э.). Древнегреческий ученый, научные труды которого относятся к математике, механике, физике и астрономии. Автор многих изобретений и открытий. Разработал научные основы статики. В сочинении "О плавающих телах" содержатся основные положения гидростатики, в частности ее основной закон - закон Архимеда. Здесь же выведены условия плавания тел.

АРХИМЕДА ЗАКОН. См. Закон Архимеда.

АРХИТЕКТУРНАЯ АКУСТИКА. Раздел акустики, изучающий распространение звуковых волн в помещениях, отражение и поглощение их поверхностями, влияние отраженных волн на слышимость речи и музыки.

АСИНХРОННАЯ ЭЛЕКТРИЧЕСКАЯ МАШИНА. Электрическая машина переменного тока, у которой частота вращения ротора не равна частоте вращения магнитного поля статора и зависит от нагрузки. Используется в основном как двигатель, сравнительно редко - как генератор.

АРХИМЕД (б.э. дейінгі 287-212 ж. шамасында). Ертедегі грек ғалымы. Ғылыми еңбектері математикаға, механикаға, физика және астрономияға жатады. Көптеген жаңалықтар мен өнертабулардың авторы. Статиканың ғылыми негізін қорытты. "Жүзгіш денелер туралы" шығармасында гидростатиканың негізгі қағидалары, оның ішінде негізгі заң (Архимед заңы) берілген. Осы шығармасында ол дененің тұзу шартын қорытып шығарды.

АРХИМЕД ЗАҢЫ. Архимед заңын қараңыз.

СӘУЛЕТТІК АКУСТИКА. Дыбыс толқындарының бөлмеде таралуын, беттерде шағылысуы және жұтылуын, шағылған толқындардың сөзбен әннің естілуіне әсерін зерттейтін акустика бөлімі.

АСИНХРОНДЫ ЭЛЕКТР МАШИНАСЫ. Роторының айналу жиілігі статордың магнит өрісінің айналу жиілігіне тең болмайтын және жүктемеге тәуелді айнымалы токтың электр машинасы. Негізінен двигатель, - кейде генератор ретінде қолданылады.

АСИНХРОННЫЙ ГЕНЕРАТОР. Асинхронная электрическая машина, работающая в генераторном режиме. Вспомогательный источник электрического тока небольшой мощности и тормозное устройство.

АСИНХРОННЫЙ ЭЛЕКТРОДВИГАТЕЛЬ. Асинхронная электрическая машина, работающая в двигательном режиме. Наиболее распространен трехфазный асинхронный электродвигатель.

АССОЦИАЦИЯ МОЛЕКУЛ. Образование в растворах относительно неустойчивых групп молекул, которые связаны вандерваальсовыми и другими сравнительно слабыми силами.

АСТЕРИЗМ. Размытие рефлексов на лауэграмме при деформации кристаллов.

АСТИГМАТИЗМ. Аберрация оптической системы, при которой изображение точечного источника света представляет собой два взаимно перпендикулярных отрезка прямой линии, не лежащих в одной плоскости.

АСИНХРОНДЫ ГЕНЕРАТОР. Генератор режимінде жұмыс істейтін асинхронды электр машинасы. Шамалы қуатты көмекші электр ток көзі және тежегіш құрылғы.

АСИНХРОНДЫ ЭЛЕКТРОДВИГАТЕЛЬ. Двигатель режимінде жұмыс істейтін асинхронды электр машинасы. Ең көп тараған түрі үш фазалы асинхронды электр двигатели.

МОЛЕКУЛАЛАР АССОЦИАЦИЯСЫ. Молекулалары вандерваальс және басқа салыстырмалы әлсіз күштермен байланысқан салыстырмалы тұрақсыз молекула топтарының ерітіндіде құралуы.

АСТЕРИЗМ. Кристалдар деформацияланған кездегі лауэграммадағы рефлекстердің шайылып кетуі.

АСТИГМАТИЗМ. Нүктелік жарық көзінің кескіні бір жазықтықта жатпайтын түзу сызқтың екі өзара перпендикуляр кесіндісі ретінде берілетін оптикалық жүйенің аберрациясы.

АСТРОФИЗИКА. Крупнейший раздел астрономии, изучающий все многообразие физических явлений во Вселенной.

АСФЕРИЧЕСКАЯ ОПТИКА. Оптическая система, содержащая элементы, поверхности которых не имеют сферической формы.

АТМОСФЕРА. 1. Газовая оболочка, окружающая Землю и некоторые другие планеты.
2. См. Нормальная атмосфера.
3. См. Техническая атмосфера.

АТМОСФЕРИКИ. Электрические сигналы, создаваемые радиоволнами и излучающиеся при разрядах молний.

АТМОСФЕРНАЯ АКУСТИКА. Изучает атмосферу акустическими методами и распространение звука в ней.

АТМОСФЕРНАЯ ОПТИКА. Раздел физики атмосферы, в котором изучаются оптические явления, возникающие при прохождении света в атмосфере (гало, мираж и др.).

АТМОСФЕРНОЕ ДАВЛЕНИЕ. Давление, оказываемое атмосферой на находящиеся в ней тела.

АСТРОФИЗИКА. Аспан кеңістігіндегі физикалық құбылыстарды жан-жақты толық зерттейтін астрономияның өте үлкен бөлімі.

АСФЕРИКАЛЫҚ ОПТИКА. Беттері сфералық қалыпта болмайтын элементтерден құралған оптикалық жүйе.

АТМОСФЕРА. 1. Жер және басқа кейбір планеталарды қоршаған газ қабықшасы.
